

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 21 шілдедегі № 443 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Астана қаласының Ішкі істер департаменті "Байқоңыр" ауданының ішкі істер басқармасы" және "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті "Байқоңыр" ауданының төтенше жағдайлар басқармасы" мемлекеттік мекемелері құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мына аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері:

1) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының Ішкі істер департаменті Райымбек ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі оны Нарынқол ауылында орналасатын "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының Ішкі істер департаменті Райымбек ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен Кеген ауылында орналасатын "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының Ішкі істер департаменті Кеген ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бөлу жолымен;

2) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының Төтенше жағдайлар департаменті Райымбек ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" мемлекеттік мекемесі оны Нарынқол ауылында орналасатын "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының Төтенше жағдайлар департаменті Райымбек ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен Кеген ауылында орналасатын "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының Төтенше жағдайлар департаменті Кеген ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бөлу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

3. Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік мекемелерді қаржыландыру Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің республикалық бюджетінде және жергілікті атқарушы органдардың бюджетінде көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2005 ж., № 25, 311-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ережеде:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелер аумақтық органдар және оның ведомстволарының тізбесінде:

"1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі" деген бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 17-1-жолмен толықтырылсын:

"17-1. Астана қаласының Ішкі істер департаменті "Байқоңыр" ауданының ішкі істер басқармасы.";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 72-1-жолмен толықтырылсын:

"72-1. Алматы облысының Ішкі істер департаменті Кеген ауданының ішкі істер бөлімі.";

"3. Төтенше жағдайлар комитеті" деген бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 17-1-жолмен толықтырылсын:

"17-1. Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті "Байқоңыр" ауданының төтенше жағдайлар басқармасы.";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 72-1-жолмен толықтырылсын:

"72-1. Алматы облысының Төтенше жағдайлар департаменті Кеген ауданының төтенше жағдайлар бөлімі".

5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындаитын шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министри

B. Сагынтаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК